

«Бекітемін»

«Армантай» бақшасының

менгерушісі

Л.Р. Усебова



Түрлі түсті жіптер



Тәрбиеші: Сагындыкова Б.М.

Шымкент 2021-2022

Түрлі түсті жіптер

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Сурет салу

Мақсаты: Балалардың сурет салуға деген қызығушылығын арттыру, түрлі түстермен таныстыру. Саусақпен сурет салу арқылы қол моторикасын дамыту.

Тәрбиеші: Саламатсындар ма, балалар! Бүгінгі біздің ашық оқу қызметіміздің тақырыбы «Түрлі түсті жіптер». Жіп дегеніміз – біздің үстіміздегі киімдерді, аяккиімдерді, сөмкемізді және басқа да өмірімізге қажет заттар жасалынатын зат. Жіптер түрлі түсті болады. Бүгін біз сол түрлі түсті жіптерді әр түрлі әдістер арқылы суреттейміз.

Бірінші кезекте ұнтақ жарма арқылы сурет саламыз.

Сурет салу (ұнтақ жарма)

Шарты: қорапшадағы ұнтақ жарманың үстіне саусақ арқылы жіпке ұқсас сызықтар сызады. Сызылған сызықтардың астынан қорапшаның түрлі түсті түбі көрініп, түрлі түсті жіпке ұқсаған суреттер шығады.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, сендерге ұнтақ жарма арқылы сурет салған ұнаған сияқты. Қолдарыңды жақсылап жаттықтырып алдыңдар. Ал енді кішкене демалып, сергіту сәтін орындап алайық.

Сергіту сәті

Аю отыр партада,
Екі қолы қалтада,
А дейді, Б дейді,
Р ға тілі келмейді,
Апай сабақ сұраса,
Ұйықтап қалыпты маскара!

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, жақсылап серігіп алсаңдар, ендеше келесі тапсырмамызға көшейік. Бұл тапсырмада да сурет саламыз, бірақ енді басқа құралдарды пайдаланамыз.

Сурет салу (саусақпен)

Шарты: Бұл жолы суретті қолмен немесе саусақпен бояуды қағазға жағу арқылы саламыз. Саусақтармен бояуды қағазға жағу арқылы жіпке ұқсас пішіндер шығару.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, суреттерің сондай әдемі, жарқын болып шығыпты. Осы суреттеріңді үйлеріңе аналарыңа алып барып сыйландар.

Ойын (тартылған жіптен аттап өту)

Шарты: екі ұшы екі үстелге байланып тартылып тұрған жіптен аттап өту арқылы балалардың физикалық қабілетін арттыру.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, енді әдемі әуен арқылы кішкене серігіп алайық.

Сергіту сәті (музыка)

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар! Тапсырмалардың барлығын жақсы орындап шықтыңдар. Енді сендерге арналған тосын сыйым бар. Қазір сендерге бір ғажайып сәт көрсетемін.

Ғажайып сәт

Шарты: Түрлі түсті кәмпиттерге ыстық су құю арқылы судың кемпіркосаққа ұқсас түрлі түсті болып боялуын бақылау.

Қоштасу